

Әдістемелік кеңес отырысы Хаттама №1

Уақыты 26.01.2021ж

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы: Марат А

Қатысқаны:14

Қатыспағаны:6

Күн тәртібінде:

- | | |
|--|-----------------------|
| 1. «Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы» Баяндама | Әдіскер Пернебаева Г |
| 2. Өткізілген ашық оқу қызметінің қорытындысы | Әдіскер-.Пернебаева Г |
| 5. Ағымдағы мәселелер. | Әдіскер Пернебаева Г |

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері-----

Бала денсаулығының мықты болып , қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындығын айтып өтті. Сондықтан , бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады деді. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада; ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет деп атап өтті. Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары «Физикалық дамыту» білім беру саласында көрсетілгенін, «Физикалық дамыту» білім беру саласының мақсаты: өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, денсаулықтың адамға берген басты құндылығы екенін түсіндіру, қозғалыс белсенділігін дамыту және физиологиялық қасиеттерін қалыптастыру деп атай келе берілген баяндаманы егжей –тегжейлі тәрбиешілерге түсіндіріп өтті.

2. Тыңдалды: Меңгеруші Омаркулова Гсөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін ,-----саласының «-----» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

1Сөз сөйлегендер: Әдіскер—Пернебаева Г ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер –Пернебаева Г алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында болатын Тұңғыш президент, Тәуелсіздік күні қарсаңында ата-аналармен көрме ұйымдастырылады, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілініп,балаларға мәлімет берілсін. Тәрбиелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге, жаңа жыл мерекесінің сценарийін музыка жетекшісі дайындап, топтарға тарқатып берсін. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Шешім: 1.МДҰ салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сауықтыру – шынықтыру шаралары қолға алынсын
2.Жас мамандар ашық оқу қызметіне қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.
3. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.